

- қоғам дамуындағы орталықтан алшақтау бағытының басым болуы әлеуметтік-құқықтық институттардың және мемлекеттік-билік инфрақұрылымының әлсіздігін анықтайды.

Бұл өндіріс тәсіліндегі негізгі қайшылық қоғамдық өндірісті ұжымдық ұйымдастыру, қауымдағы ортақ еңбек ету мен осы еңбектің жемісін жеке иемдену арасындағы қайшылық түрінде көрінеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсақ, әрбір елде саяси идеялардың дамуы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады, сондықтан да олардың барлығын бір жобаға салып қою мүмкін емес. Қазіргі кезде өмірде болып жатқан процестерді терең және жан-жақты түсіну үшін барынша зерттелінген және өзін-өзі ақтаған көзқарастар мен идеялардың шектелген аумағынан шығуға тырысу және алға қарай жылжу, жалпы өлшемдерді аша және бекіте білу қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – Москва, 1896. – 284 с.
2. Бартольд В.В. Образование империи Чингиз-хана. т.5. – Москва, 1968. – 278 с.
3. Хазанов А.М. Социальная история скифов. Основные проблемы развития древних кочевников Евразийских степей. – Москва: Наука, 1975. – 256 с.
4. Гумилев Л.Н. «Конец и вновь начало». – Москва: Институт Ди-дик, 1997. – 157 с.
5. Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – Москва: ОАО Типография Новости, 1999. – 45 с.
6. Қозыбаев М.Қ., Нұрпейіс К.Н., Жүкешев Қ.М. Қазақстан тарихы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 168 б.
7. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 185 б.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

*Бирманова А.И., PhD, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*  
*Салиев М.У., магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан әлемдік державалар мен беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның қолдауын қажет етті. Бұл кезде дүниежүзілік қоғамдастық та тарихтың еркімен қуаты жағынан әлемдегі төртінші ядролық арсеналға ие болып қалған жас мемлекетпен сындарлы сыртқы саясатты жүргізуге мүдделі болды. Осыны ескере отырып, еліміз сыртқы және ішкі саясатта теңдестірілген амал-көзқарастар пайдасына саналы түрде таңдау жасады. Көпжақты әріптестік, экономика мен қоғамды ырықтандыру стратегиясы сол амалдардың өзегіне айналды.

Демократиялық қоғамның негізгі көрінісі – адам тұлғасына деген құрмет, оның құқықтарымен бостандықтарына қол сұғылмаушылық. Қазақстан әлем қауымдастығының толық мүшесіне айналып, конституциясында адамды ең қымбат құндылығы ретінде бағалады. Осыған орай республикамыздың құқықтық механизімін жетілдіру қажеттігі туындап, демократиялық қоғамға тән жаңа институттар пайда бола бастады. Осылардың бірі – омбудсмен институты.

2022 жылдың 19 қыркүйегінде ҚР Көнеституциясына қабылдаған өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес, 83-1 баппен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты туралы енгізілді [1]. Омбудсмен институты мемлекеттік органдар мен жекелеген лауазымды тұлғалардың теріс қылықтары мен басқа да құқықбұзушылықтарына қарсы тұруда маңызды рөл атқарады. Шағымдар мен өтініштермен жұмыс істей отырып, пәндік саладағы

проблемалық мәселелерді зерттей отырып, құқық қорғау институттары адам құқықтарының бұзылуын болдырмауға көмектеседі және заң үстемдігі жүйесін жетілдіруге ықпал етеді.

Қазақстанда омбудсмен институты құрылғанына жиырма жыл өткен соң президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Заңына қол қойды. Бұған дейін омбудсменнің қызметі Президент бекіткен ережемен реттелді. Қазақстандағы омбудсмен институтының тарихы 2002 жылғы 19 қыркүйектен басталады. Сол күні тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымын құру туралы» № 947 Жарлыққа қол қойды [2]. Осы жылдар ішінде оның қызметі сол жылы Халықаралық Адам құқықтары күнінде, 10 желтоқсанда, Президенттің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі алдыңғы Жарлығын іске асыру мақсатында «Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталықты құру туралы» № 992 Жарлықпен бекітілген Ережемен реттелді. 2021 жылғы 15 қаңтарда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жетінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы адам құқықтарын қорғау болып табылатынын тағы да еске салып, адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заң қабылдауды тапсырды. Осы тұрғыда ол Омбудсмен туралы жеке заңның қажеттілігін атап өтілген болатын, нәтижесінде 2022 жылғы 5 қарашасында «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң қабылданды [3]. Сонымен қатар, Президент Омбудсменнің аппаратын оның өңірлік өкілдіктерін құруға дейін нығайтуды тапсырды.

Тұжырымдап көрсек, омбудсмен институты мемлекеттерге әртүрлі атауларға ие болса да, бір мағынаға ие мемлекеттегі шенеуніктер тарапынан билік пен қиянат ету мен немқұрайлық әрекеттерден адам құқықтарын қорғау болып табылады. Әлем аумағында болып жатқан өзгерістер төңірегінде адам құқығын қорғау бойынша мәселеге ғылыми баға беру тығыз мәселенің бірі болып табылып отыр. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы адам құқығын қорғау өкілеттілігінің заңды дәрежесін анықтауға бағытталған шаруалар осы институттың мемлекеттік-әлеуметтік мән мағынасына назар аударуды көздеуде.

Уәкіл институтының негізгі ерекшелігі – оның алдымен, сот, прокуратура немесе өзге де мемлекеттік органдармен бәскелеспейтін құқық қорғаудың қосымша құралы ретінде болуы. Бұл институттың мәні – мемлекеттік билік органы бола отыра қоғам мен оның азаматтарының мүдделерін айқындаушы ретінде мемлекеттік билік органдарының қызметіне бақылау жасайтындығында [4;1010].

Омбудсмен институты – жалпыға бірдей және тікелей дауыс беру арқылы сайланатын парламент немесе президент сияқты халықтан тікелей емес, қолданыстағы мемлекеттік билік субъектілерінің біреуінен өз өкілеттілігін алатын биліктің туынды субъектісі. Омбудсменнің орындалуы міндетті ұйғарымдарды шығаруға құқығы жоқ. Әкімшілік органдардың немесе олардың лауызымды адамдарының іс-әрекеттерімен азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда, омбудсмен әкімшілік шешімді өзгертуге не азаматқа келтірген залалды өтеуге қатысты ұсынымдарды ғана, сондай-ақ әкімшілік тәжірибені жетілдіруге, ізгілік сипат беруге бағытталған кең ауқымды ұсынымдарды енгізуге құқылы.

Омбудсмен бүкіл дүние жүзінде кеңес беру құзыры арқылы жұмыс жүргізеді. Қазақстандағы омбудсменге де келіп түскен мағлұматтарға байланысты мемлекеттік органдарға азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін не істеу керектігі жөнінде кеңес береді. Себебі омбудсмен мемлекетпен жеке адамдардың арасындағы құқықты қарым-қатнастарды бақылаушы болып табылады. Осы тұрғыда келгенде, омбудсмен мемлекет пен жеке адамдардың арасындағы делдал қызметін атқарады. Бұл бүкіл дүние жүзіне дерлік қалыптасқан дәстүр. Шетелдерде оны көбіне көп медиатор деп те атайды. Еліміздегі омбудсмен жеке адамдардың арасындағы қарым- қатынастарға мүлдем араласпайды.

Өз қызметінде Уәкіл бес негізгі басымдықтарға айрықша назар аударады. Олар: балалар мен әйелдердің, аз ұлттардың, сотталғандар мен қамауда отырғандардың және халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтарын қорғау.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің құқықтық мәртебесінің айтарлықтай құрамының бірі қабылданған шешімдер және нұсқаулар үшін жүктелетін оның жауапкершілігі. Шетелдердің тәжірибесіне қарағанда бұл мәселеге деген көзқарас әрқилы болып келеді. Мысалға, Швецияда омбудсменнің тексерісіне көңілі толмаған адам тарапынан омбудсмен іс қызметі үшін жауап беретін Рикстаг (Парламент) комитетіне жүгінуге құқылы. Францияда омбудсменнің шешіміне баға беру бойынша судьяларға билік ұсыну туралы мәселе Заңда белгіленбеген. Әрі бұл заңда делдалға қатынасты ондай бақылаудың жарамсыздығы туралы жағдай орын теппеген.

Қазақстандық омбудсменнің қызметінің негізгі бағыттары:

1. Өз қызметтерін жүзеге асыру барысында Уәкіл Қазақстан Республикасы азаматтарының, олардың Қазақстан Республикасы Конституциясымен, заң актілерімен және халықаралық шарттармен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын бұзатын лауазымды тұлғалардың және ұйымдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасаған арыздарды қарайды;

2. Бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіруге шаралар қолдану;

3. Өкіл өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының адам құқықтарымен бостандықтарына, олардың қорғалу нысандары мен әдістеріне қатысты заңнаманы жетілдіруге, оларды халықаралық құқықтың жалпыға ортақ қағидаларымен нормаларына сәйкес келтіруге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына тиісті ұсыныстар енгізу арқылы адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді;

4. Уәкіл адам құқықтарымен бостандықтары саласында құқықтық ағартушылыққа жәрдемдеседі, адам құқықтары бойынша білім беру бағдарламалары мен халықтың білім деңгейін көтеруге, ұлттық заңнамалар мен маңызды халықаралық құжаттар әзірлеуге қатысады;

5. Өзінің қызметі жайлы жыл сайынғы есебін дайындау және оны Қазақстан Республикасының Президентінің қарауына ұсыну;

6. Уәкілдің пікірі бойынша қоғамдық маңызды ерекше деген жағдайларда ол өз үндеуін тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне немесе Үкіметіне жолдауға хақылы.

7. Өзінің әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын бұзып отырған лауазым иесіне бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шаралары жайында ақыл-кеңестер ұсыну.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл адам құқықтарын қандай да бір өрескел бұзылуына байланысты өз ынтасы бойынша әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық іс қозғауға кеңес беру арқылы мемлекеттік басқаруға әсер ете алатын болады. Бұл норма арқылы құқық бұзушылық орын алғанға дейін де, одан кейін де лауазымды тұлғаның әрекетіне әсер ету мүмкіндігі бар, лауазымды тұлға қандай да бір құқыққа қайшы әрекетке бармас бұрын ойлайтын болады.

Келесі функция – Қазақстан республикасы азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижесі бойынша сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпаратты өзге де жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент палаталарына жүгіну құқығы. Біздің ойымызша, омбудсменнің депутаттарымен бірлесіп жұмыс істеуі адамдардың құқықтарының қалпына келтіру мүмкіндігін көбейтеді.

Үшінші функция – сот өндірісіне қатысу мүмкіндігі және күшке ие болған сот үкімін тексеру жайында сотқа немесе прокуратураға шағымдану. Бұл функцияның мақсаты – шығарылған үкімнің адам құқықтары аясындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін

бақылау. Бұл үш норманың қабылдануы адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің жұмысын тиімді, жоғары дәрежеде атқарылуын қамтамасыз етеді.

В.В. Бойцованың айтуынша, омбудсмен – азаматтық құқықтардың қорғаушысы делінген. Оның іс қызметінің арқасында азаматтардың әкімшілікке деген қырағы және сенімсіздік қатынасы бейтараптандырылады, биліктің шыншылдығына сенімі қалпына келтіріледі және көтеріледі. Тіпті жеке басқа келтірілген кішкентай шығынның өзі мемлекетпен ара қатынастарына шиеленісушілік туғызады [5;82]. Сондықтан омбудсмен іс қызметінің қалпына келтіру және саяси тиімділігі кең ауқымды мәселе. Мемлекеттік қызметкерлерге көрсететін аңғарту әсері келешекте әкімшіліктік бұзушылыққа жол берілмеуін қамтамасыз етеді.

Американдық ғылымдардың көзқарасы бойынша омбудсмен – қызметкерлер мен жай адамдардың шағымдарын тыңдап, оны түсінуге талпынатын тәуелсіз және алдын ала болжамсыз шенеуік болып табылады [6;270]. Адами құндылықтарды бәрінен биік қоятын елде адам құқықтарын мен бостандықтарын қорғау мемлекеттік міндеттердің баламасыз басымдықтағы қағидаттарының бірінен саналады. Мемлекеттік құқықтың классикалық теориясы ғасырлар бойы мемлекет пен азаматтық қоғам арасын түбегейлі айырмашылығы бар және бітіспес құбылыс ретінде бөліп келгені белгілі. Бұл мемлекеттік биліктің өз табиғатына қарай қоғамдық пікірден алшақтауға жүйелі түрде тырысатындығына, оның өзінің өмір сүруінің қажеттілігін өзі жасап алатындығына байланысты. Сөйтіп, мемлекетті бақылауға алмаса, ол әдетте қоғамнан алшақтайды да, азаматтарды сыйламайтын озбыр билікке айналады, өйткені, әкімшілдер мен қызмет басындағылар өздерін билік аппаратының қожайындарымыз және ешкімнің алдында есеп беруге тиісті емеспіз деп ойлайды.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекеттік құрылым қалыптастыру бағытына қадам басуы мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланыстың нығаюынан болып отыр. Қазіргі кезде осы заманғы өркениетті елдер тәжірибесінде мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы классикалық шекара бірден-бір саяси не қоғамдық деп анықтама беруге болмайтын, өзара кірігіп кеткен, аралас институттарға айналуға айналуда. Бұл, ең алдымен, омбудсменге (адам құқықтары жөніндегі уәкілге) қатысты.

Омбудсмен институты икемді, демократиялы және көпке ашық, бөгетсіздігі өте маңызды, төлемсіз болып келеді. Ол қатал ережелермен байланыссыз және талқылау барысында қолданылатын әдістер саласында кең билік иемденеді. Ол жазбаша хабарламаны, телефон ақпаратын және басқа тәсілдерді пайдалана отырып, істерді текесереді. Мұндай икемділік талдау беру және заңдарды қолдану барысын әдейі жүргізу талаптарының жоқтығымен ұштасқан шешімдер қабылдауда көрінеді. Омбудсмен шындылық ой пікірін басшы болдырады. Ол өз құзырының көлемінде органдардың іс әрекеттеріне түсірілген шағымдар бойынша тергеу жүргізетін тәуелсіз, алалықсыз үшінші жақ болып табылады. Сәтті қызмет ету үшін адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің Қазақстан институты осындай институтты құрған дүниежүзінің елдерінің оңды тәжірибесін қабылдай отырып, мәдени дәстүрлерді, менталитетті, ұлттық қасиетті, құқыққа және заң орындарына деген қатынасты ескерді. Институт мемлекеттік қасиетті болсада, өзінше, бұл азаматтық қоғамның элементі болады. Ол мемлекетке олардың мемлекеттік құрылымдармен қарым қатынасындағы қоғамның жеке мүдделері туралы ашық ұғынысты болуына жол береді. Қазақстандық халық көпшіліктің алдында азаматтық қоғамда және биліктік құрылымда адам құқықтары жөніндегі Уәкіл өзіне жүктелген міндеттерін орындайды саяси және құқықтық мәдениет деңгейін пайда болдыру мәселесі қойылып отыр.

Омбудсменнің тиімді жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті өлшемдер мен шарттар: Басты өлшемдер Адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттар қызметінің Париж қағидаттарында анықталған. Бұл ең алдымен:

- біріншіден, адам құқықтары мен бостандықтарын құқықтық қамтамасыз ету халықаралық байқаушылар тарапынан тиісті деңгейде бағаланды, ол транспарентті. Бұл айрықша маңызды, себебі адам құқықтары халықаралық саясатта және мемлекетаралық қатынастарда басты рөлге ие болады.

- құқық бұзу жағдайларын болдырмауға шұғыл ден қою мақсатында халықпен барынша тығыз байланыс орнату мүмкіндігі. Осыған байланысты омбудсмен өкілдерінің еліміздің барлық жергілікті жерлерінде болу мәселесі өзекті болып отыр;

- біліктілігі жоғары, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарда жұмыс істеген, сондай-ақ байсалды өмірлік тәжірибесі бар кәсіби кадрлардың болуы;

- өз ұсыныстарының орындалуын бақылауға өкілеттілігі.

Сонымен адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің құқықтық мәртебесінің негізгі кездерін анықтауға талпыныс жасадық. Қазақстанның адам құқықтарын қамтамасыз етуде қол жеткізген процесі айқын әрі даусыз. Қазіргі кезде еліміз осы саладағы барлық негізгі халықаралық конвенциялар мен пактілерге қосылды. Конституцияда бекітілген норма және жалпы қабылданған әлемдік стандарттарға сәйкес азаматтардың құқықтарын іске асыратын және олардың сақталуын қамтамасыз ететін ұлттық заңнама дамуда және жетілдірілуде. Адам құқықтарымен байланысты ахуалдың едәуір өзгеруін халықаралық қоғамдастық таныған қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыруда белгілі бір дәрежеде ықпал ететін қоғамдық және мемлекеттік құқық қорғау институттарының белсенді қызметі айғақтайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж. (өзгертулер мен толықтырулармен 19.09.2022ж.) // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

2 «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2002 жылғы 19 қыркүйек N 947 // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000947\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000947_)

3 Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154>

4 Мухитдинов Е.Н. Эволюция института омбудсмена // Право и политика. – 2009. – N 5. – С. 1010-1018.

5 Бойцова В.В. Омбудсмен как защитник фундаментальных личных прав. – Тверь: издательство Тверского государственного университета, 2010. – 197 с.

6 Linda C. Reif Transplantation and Adaptation: The Evolution of the Human Rights Ombudsman // Boston College Third World Law Journal. - 2011. - № 1 (269). - С. 269-310.

## LEGAL ISSUES OF MILITARY PERSONNEL TRAINING IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND ITS EXCHANGE OF FOREIGN EXPERIENCE

*Musin K.S. , PhD, Buketov Karaganda University*

*O.N. Ramashov, Master of Law, Auezov South Kazakhstan University*

Along with the sovereignty of Kazakhstan, the problem of training military personnel, especially rare specialists, for the Armed Forces of the state arose.

One of the main directions of reforming the Armed Forces of Kazakhstan is an effective system of training military personnel. During the years of independence, the Republic of Kazakhstan achieved good results in this field. Nevertheless, the armed forces needed many military specialists of various specialties and educational levels. There is still a problem of training specialists of rare specialties. In this regard, training of business personnel was organized abroad.

However, this path requires significant financial costs. The issue of providing the country's Armed Forces with officers can be solved only by developing and implementing a comprehensive system of measures for the development of the national military education system. In the future, this will allow training of senior officers of the armed forces in the military educational institutions of Kazakhstan, and a limited number of rare officers abroad and meeting their needs. Funds spent on